

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№180

2017 жылғы 30 маусым

**Қ.К.Игисеновті Ақтөбе облысы
бойынша тексеру комиссиясының
мүшесі етіп тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №456 «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-1-тармағын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 47-бабының 3-тармағын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 3-тармағын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 наурызда №14939 болып тіркелген, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидаларының 100-тармағын және ішкі конкурстың қорытындысы туралы конкурстық комиссияның 2017 жылғы 20 маусымдағы №3 шешімін басшылыққа ала отыра, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Игисенов Қасымхан Кәдірханұлы «Б» корпусының D-2 санаты мемлекеттік әкімшілік лауазымына, Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі болып 5 (бес) жыл мерзімге тағайындалсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. АЙТЖАНОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА